

**Ә. Б. Түсіпбеков, әкімшілік құқық және ІІО әкімшілік қызметі кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция капитаны**  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

### **Қазақстан Республикасының ІІО әкімшілік-юрисдикциялық қызметі: теория мен тәжірибе сұрақтары**

*Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметінің әкімшілік-юрисдикцияның түйін мәселелері қарастырылады. Басты назар ІІО әкімшілік-юрисдикциялық қызметінің сипатына, Әкімшілік құқық бұзушылық кодекстегі ішкі істер органдарының құзыретіне қарайтын істерді қарау аспектілеріне аударылады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын әкімшілік заңнаманы жетілдіру бойынша, нақты айтсақ әкімшілік-юрисдикциялық қызметінің кейбір мәселелері ұсынылған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің ведомстволығы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметінің әкімшілік-юрисдикциялық мәселелерін қарастырады. Нақтырақ айтсақ осы проблеманың теориялық және тәжірибелік мәселелері. Әкімшілік юрисдикция, мемлекеттік қызметтің бір түрі ретінде қарастырылады.*

*Түйін сөздер: әкімшілік юрисдикция, әкімшілік жауаптылық, әкімшілік құқық бұзушылық, істі қозғау, қаулыны орындау.*

Ішкі істер органдары әкімшілік-юрисдикциялық құзыреттілікке ие бола отырып, әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану арқылы заңмен тыйым салынған тәртіптерге нақты фактілер бойынша мемлекеттік билік шешімдерін қабылдайды. Мұндай құзыреттіліктің құқықтық негізіне Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңы жатады. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 36 тарауы 685-бабына сәйкес ішкі істер органдары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің 95 құрамынан аса қарастырылған істерді қарауға құқылы [1].

Ішкі істер органдарының әкімшілік-юрисдикциялық қызметі мәселелерін зерттеудің өзектілігі әкімшілік құқық бұзушылықтың бұқаралығымен ғана емес, сонымен қатар әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың серпінді өзгерісі жағдайында құқық қолданудың өзіндегі мәселелермен де негізделеді. Атқару өндірісіне, оның құқықтық реттеу механизміне әкімшілік жазаның жағымсыз факторлары да ықпал етеді, сондықтан ары қарай оған ғылыми мән беру талап етіледі және маңызды заңдық мәселені білдіреді.

Басты міндеті тұрғысынан алғанда, әкімшілік-юрисдикциялық қызмет мемлекеттік қызметтің әкімшілік-процессуалдық нормативті ережелер тәртібімен жүзеге асырылатын құқық қорғау қызметінің бір түрі ретінде көрінеді. Сонымен бірге әділ соттан сапалы өзгешеленеді. Құқықтық даудың болуы мен орны, істі қарау барысындағы тараптардың сайыстылығы, белгі ретінде юрисдикциялық актілерді дайындау мен шығару — қарастырылып отырған салада әрқашан байқала бермейді.

Әкімшілік құқық ғылымында әкімшілік юрисдикция екі нұсқада анықталады. Кең мағынасында заңмен немесе өзге де нормативті құқықтық актілермен бекітілген субъектінің іс-әрекеттерінің заңға сыйымдылығы деңгейін анықтау, құқықтық дауларды шешу, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау, сондай-ақ өзге де заңды билік әрекеттерін жасау бойынша тиісті мемлекеттік органдардың өкілеттіктерінің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Әкімшілік юрисдикция тиісті өндірістің әртүрлерімен жүзеге асырылатын, әкімшілік істердің ерекшеліктері ескерілген іс жүзіндегі көрінісінің белгілі бір нысанында іске асырылады. Барынша толық әрі сапалы әкімшілік-юрисдикциялық қызмет әкімшілік құқық бұзу туралы істерді жүргізу барысында көрінеді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасының әкімшілік іс жүргізу нормаларына сүйене отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жөніндегі өндірісті мынадай кезеңдерге бөлуге болады:

– әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау (ол бойынша дәлелдер жинау және бағалау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру) немесе кейбір авторлар атап жүргендей, әкімшілік тергеу кезеңі. Бізге соңғы тұжырымдама осы кезеңнің мазмұнын барынша толық әрі нақты ашатынын көрсетеді;

– әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және шешім шығару. Дәл осы кезеңде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 685-бабында қарастырылған ПБ-ның әкімшілік юрисдикциялық құзыреті жүзеге асырылатынын ескеру керек;

– әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша, шағымдар мен наразылықтарды қарау нәтижелері бойынша заңды күшіне енген (заңды күшіне енген, сондай-ақ жаңадан ашылған жағдайлар бойынша) қаулыларды қайта қарау;

– әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулыны атқару.

Қазақстан Республикасы ПО-ның әкімшілік-юрисдикциялық қызметі мәселелеріндегі заманауи ғылыми-техникалық зерттеулер, сондай-ақ құқықтық мониторинг механизмінің авторлар ұжымы ұсынған негізде құқық қолданудың тиісті тәжірибесінің талдамасы оның негізгі мәселелерін тұжырымдауға мүмкіндік береді:

– құқықты түсіндіретін қажетті актілердің болмауы, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (құқық бұзушылықты жіктеу ерекшеліктері) материалдық нормаларын, Жоғарғы Сот деңгейінде процессуалды сипаттағы (өндірісті қамтамасыз етудің жекелеген шараларын қолдану ерекшеліктері) нормаларды қолдану, ведомстволық сипаттағы әдістемелік ұсынымдар мәселелері бойынша;

– ПО қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетік білмеулері, іс жүзіндегі тәжірибелерінің болмауы, заңнаманың өзіндегі серпінді өзгерістер т. б.;

– әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірісті қамтамасыз ету шараларын құқықтық реттеудегі кемшіліктердің болуы; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізетін тұлғалардың құқықтық жағдайлары туралы нормалардың жоқтығы; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті лауазымды тұлғаның заңсыз әрекеттерімен тигізілген залалды оңалту және өтеу институттарын жүзеге асыру механизмі; әкімшілік жазаны атқарудың құқықтық механизміндегі маңызды кемшіліктер [ii].

Мемлекетіміздің құқықтық реформаларындағы құқық бұзушыларға құқықтық ықпал ету механизмінің тиімділігін көтеру туралы соңғы баса назар аударылған жайларды ескерсек, аталған мәселелер оларды шұғыл арада жоюды талап етеді.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье автор рассматривает вопросы теории и практики административно-юрисдикционной деятельности органов внутренних дел.

#### **RESUME**

In this article the author considers the theory and practice of administrative and jurisdictional activity of internal Affairs bodies.

---

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

і. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі  
2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Заңы // URL:  
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

---

ii. Лапшин В. Н., Қызылов М. А., Филин В. В. Административно-юрисдикционная деятельность органов внутренних дел: Альбом схем. — Караганда, 2000.